

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасында Салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 желтоқсан N 1574

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 5 шілдеде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі
арасындағы салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес
саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы

КЕЛІСІМ*

2001 жылғы 26 желтоқсаннан бастап күшіне енді - ҚР халықаралық
шарттары бюллетені, 2002 ж., N 3, 35-құжат.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Түрікменстан Үкіметі,

өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары мен халықаралық міндеттемелерін
басшылыққа ала отырып,

салық заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын
кесуге, өз мемлекеттерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге
байланысты міндеттерді тиімді шешудегі өзара мүдделілікті негізге ала
отырып,

осы мақсатта барлық құқықтық және өзге де мүмкіндіктерді пайдалануға
зор маңыз бере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап Келісім нысанасы

Салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы тиімді күресті ұйымдастыру

мақсатында Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтастығы осы Келісімнің нысанасы болып табылады.

Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан қатысушылары болып табылатын азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

2-бап Терминдер

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төмендегі терминдер мыналарды білдіреді:

а) "құзыретті орган":

- Қазақстан Тарабы үшін - Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі,

- Түрікменстан Тарабы үшін - Түрікменстан Мемлекеттік Бас салық қызметі.

Тараптар құзыретті органдарының ресми атауы өзгерген жағдайда, ол туралы бір біріне кідіріссіз хабарлайды;

ә) "салық заңнамасы" - салықтардың түрлері, алымдар және өзге де міндетті төлемдер мен оларды осы Тараптар мемлекеттерінің аумағында төлетудің тәртібін белгілейтін және салықтық міндеттемелердің туындауына, өзгеруіне және тоқтатылуына байланысты қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы;

б) "салық заңнамасын бұзушылық" - салық төлеушінің мемлекеттік бюджет алдындағы міндеттемелерін орындамау немесе тиісті дәрежеде орындамауы түрінде көрініс беретін, Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес заңдық жауапкершілікпен

белгіленген құқыққа қарсы әрекет немесе әрекетсіздік.

3-бап

Ынтымақтастық нысандары

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде мынадай ынтымақтастық нысандарын қолданады:

- заңды және жеке тұлғалардың салық заңнамасын бұзушылықтары жөніндегі ақпараттармен алмасу;
- салық заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге бағытталған іс-шараларды жүргізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;
- заңды және жеке тұлғаларға салық салынуына байланысты құжаттардың тиісті үлгіде куәландырылған көшірмелерін ұсыну;
- ұлттық салық жүйесі туралы, салық заңнамасының өзгерістері мен толықтырулары туралы ақпарат, салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күресті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен алмасу;
- салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізуде қолданылатын ақпараттық жүйелерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде тәжірибе алмасу;
- жұмыс топтарын құруды, өкілдермен алмасуды және кадрларды оқытуды қоса алғанда, ынтымақтастық барысында туындайтын мәселелер жөнінде қызметті үйлестіруді жүзеге асыру;
- салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрес проблемалары жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу.

Тараптар құзыретті органдарының ресми атауы өзгерген жағдайда, ол туралы бір біріне кідіріссіз хабарлайды.

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімді орындауға байланысты мәселелер бойынша бір-бірімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

4-бап

Салық заңнамасын бұзушылықтар туралы ақпарат алмасу

1. Салық заңнамасын бұзушылықтар туралы ақпарат алмасу төмендегі мәселелер бойынша жүзеге асырылады:

- салық заңнамасын бұзушылар қолданған тәсілдерді көрсете отырып заңды және жеке тұлғалардың салық салудан табыстарын төмендетіп көрсетуі (жасыруы);
- заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік және коммерциялық банкілерде есепшоттар ашуы, сондай-ақ егер оларда салық салудан жасырған сомалар бар деп есептейтін негіз бар болса осы есепшоттар арқылы қаражат айналымы;

- салық салу базасының мөлшерін және салық заңнамасын бұзған заңды және жеке тұлғалардан өндіріп алынатын салық сомасын айқындау, сондай-ақ салық заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге байланысты өзге де мәселелер бойынша.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ақпарат, ақпарат ұсыну сұрау салынған Тараптың ұлттық заңнамасы мен мемлекеттік мүддесіне қайшы келмейтін жағдайда, бір Тараптың құзыретті органына екінші Тараптың құзыретті органының сұрау салуы негізінде беріледі.

Егер Тараптардың бірінің құзыретті органы қолында бар ақпаратты

екінші Тараптың құзыретті органы үшін қажетті деп санаса, ол бұл ақпаратты жеке бастамасы бойынша беруі мүмкін.

5-бап

Іс-шаралар өткізу

Салық заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде осындай заң бұзушылықтар жасаған немесе оларды жасағаны жөніндегі күдікті адамдарға қатысты Тараптардың құзыретті органдарының өзара іс-қимыл жасауы олардың құзыреті шегінде бірлесіп жоспарлауды, күш пен құралдарды ортақ пайдалануды, осы іс-шаралардың барысы және өткізу нәтижелері туралы ақпарат алмасуды қамтиды.

6-бап

Құжаттардың көшірмелерін ұсыну

Тараптардың құзыретті органдары заңды және жеке тұлғаларға салық салуға қатысты құжаттардың (есепшоттар, фактуралар, жүкқұжаттар, шарттар, келісім-шарттар, сертификаттар, анықтамалар және басқалары), сондай-ақ салық заңнамасының бұзылуына қатысы бар мәселелер бойынша құжаттардың көшірмелерін бір-біріне сұрау салу арқылы ұсынады.

Құжаттардың көшірмелері уәкілетті тұлғаның қолымен және сұрау

салынған құзыретті органның мөрімен куәландырылады.

7-бап

Құқықтық сипаттағы материалдармен алмасу

Тараптардың құзыретті органдары ұлттық салық жүйесі, салық заңнамасы саласындағы қылмыстарды тергеудің немесе тексеру жүргізудің және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер жүргізудің құқықтық негіздері туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады, салық заңнамасындағы өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

8-бап

Ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық

Тараптардың құзыретті органдары салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күресті ұйымдастыру кезінде ақпараттық жүйелерді құру мен олардың жұмыс істеуіне қатысты мәселелер бойынша тәжірибе, әдістемелер және ғылыми материалдар алмасуды жүзеге асырады.

9-бап

Кадрлар даярлауда тәжірибе алмасу және көмек көрсету

Тараптардың құзыретті органдары өздерінің оқу орындарының базаларында кадрларды оқыту мен қайта даярлауда, салық заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күрестің өзекті мәселелері бойынша бірлескен ғылыми зерттеулерді, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізуде ынтымақтасады, сондай-ақ сарапшылармен алмасады.

Осы баптың шеңберінде ынтымақтастықты іске асырудың нақты нысандары, атап айтқанда, оны қаржыландыру, Тараптардың құзыретті органдары арасында жасалатын тиісті келісімдермен белгіленеді.

10-бап

Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Ақпарат алуға сұрау салу жазбаша түрде немесе мәтін берудің техникалық құралдарын пайдалану арқылы берілуі тиіс.

Кейінге қалдыруды көтермейтін жағдайларда телефон байланысы арқылы ауызша сұрау салу қабылдануы мүмкін, алайда ол кідіріссіз жазбаша нысанда расталуы тиіс.

Мәтінді берудің техникалық құралдарын пайдаланған кезде, сондай-ақ алынған сұрау салудың растығына немесе мазмұнына қатысты күмән туындаған жағдайда сұрау салынған құзыретті орган жазбаша нысанда расталуын сұрай алады.

2. Ақпарат алуға арналған сұрау салуда:

- сұрау салушы құзыретті органның атауы;
- сұрау салынған құзыретті органның атауы;
- сұрау салудың қысқаша жазылған мазмұны және оның негіздемесі;
- нақты мән-жайдың қысқаша сипаттамасы;
- сұрау салудың орындалуы үшін қажетті басқа да мәліметтер болуға тиіс.

3. Ақпарат алуға арналған сұрау салу және оған жауап Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік тілінде де, сондай-ақ орыс тілінде де жасалады.

Сұрау салу мемлекеттік тілде орындалған жағдайда, оның куәландырылған орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі.

11-бап

Жәрдем беру туралы сұрау салуды орындаудың тәртібі

Тараптардың құзыретті органдары бір-біріне ұлттық заңнамасына сәйкес және өздерінің құзыреті шегінде жәрдем көрсетеді.

Сұрау салушы Тарап өзінің өтініші бойынша жәрдем беру туралы сұрау салуды орындау үшін жүзеге асырылатын іс-қимылдардың уақыты мен жүргізілетін орны туралы хабардар етілуі мүмкін, ал оның өкілдері қосымша келісілген жағдайда оларды жүргізу кезінде қатыса алады.

Егер жәрдем беру туралы сұрау салуды сұрау салынған Тараптың орындауы мүмкін болмаған жағдайда, ол сұрау салу түскеннен бастап бір ай ішінде ол туралы сұрау салушы Тарапқа жәрдем беруден бас тартудың себебін көрсете отырып жазбаша түрде

хабарлайды.

Егер жәрдем беру туралы сұрау салуды орындау сұрау салынған Тараптың ұлттық заңнамасына және әкімшілік практикасына қайшы келетін болса, жәрдем беру туралы сұрау салуды орындаудан бас тартылуы мүмкін.

Сұрау салынған Тарап өзінің мемлекетінің аумағында жәрдем беру туралы сұрау салуды орындауға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

12-бап

Ақпаратты пайдалану

Нақты салық төлеушілерге байланысты ақпарат құпия болып табылады және сұрау салынған Тараптың талаптарына сәйкес қорғалу режимімен қамтамасыз етіледі.

Алынған ақпаратты Тараптар тек қана осы Келісімде көзделген

мақсаттарға, оның ішінде әкімшілік және соттық іс қарауда пайдалана алады. Ақпаратты өзге мақсаттарға сұрау салынған Тараптың келісімімен ғана пайдалануға болады.

13-бап

Шығыстар

Тараптардың құзыретті органдары өз мемлекеттерінің аумағында осы Келісімді орындауға байланысты шығыстарды көтереді. Қосымша шығындарды талап ететін сұрау салу алынған жағдайда оларды қаржыландыру туралы мәселені Тараптардың құзыретті органдары өзара уағдаластықтары бойынша қарайды.

Тараптардың құзыретті органдары, егер олардың арасында өзгеше келісілмесе, сұрау салуды орындау кезінде керек болуы мүмкін аудармашылардың қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды бір біріне өтейтін болады.

14-бап

Даулар мен келіспеушіліктер

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер арқылы шешетін болады.

15-бап
Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктер болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

16-бап
Келісімнің күшіне енуі және қолданысын тоқтату

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткенге дейін қолданыста болады.

Астана қаласында, 2001 жылғы 5 шілдеде, әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаты үшін Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

Қазақстан Республикасының Түрікменстан
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК